

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---


ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

ЗЕРТХАНАЛЫҚ, ПРАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМИНАРЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

ӘН V-09-2025

Әзірлеген: АМД директоры

Б.К. Курмашева



Қарағанды

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KeAҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы қағидалар	4
5	Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды өткізуге қойылатын талаптар	5
6	Практикалық және семинарлық сабактарды өткізу тәртібі	7
7	Оқытушының құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	7
8	Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	7
9	Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	8
10	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	8
11	Сақтау	8
12	Талдау және өзектендіру	8
13	Өзгерістер енгізу	8
	А Қосымшасы Келісу парагы	9
	Б Қосымшасы Танысу парагы	10
	В Қосымшасы Библиография	11

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйімдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы Әдістемелік нұсқаулық (ӘН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-да жүзеге асырылатын жоғары кәсіптік білім беру мамандықтары мен даярлау бағыттарының зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарын үйімдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

Осы ӘН-ты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ барлық факультеттерінің қызметкерлері мен студенттері қолданады және сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Әдістемелік нұсқаулықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ДП X-01 «Құжатталған ақпаратты басқару».

Пр V-08-2025 «Мәтіндік оқу құжаттары мен негізгі жазуларды рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар».

МИ V-06-2025 «Графикалық құжаттарға қойылатын жалпы талаптар».

Пр X-01-2025 «Оқу-әдістемелік кешенді ресімдеу ережелері».

ПР X-05-2025 «Оқу-әдістемелік әдебиеттерді ресімдеу ережелері».

3 Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

Осы ӘН-та тиісті анықтамалары мен қысқартулары бар мынадай терминдер қолданылады:

оқу сабағы – білім алушылардың оқытушының басшылығымен МЕМСТ-да айқындалған мамандыққа (даярлау бағытына) және жұмыс оқу бағдарламасына қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді орындаудан тұратын, аудиториялық және аудиториядан тыс нысандарда жүзеге асырылатын оқу процесінің түрі;

Зертханалық сабак – оқу пәнінің теориялық негіздерін менгеруге және аспаптарды, жабдықтарды, техникалық және аспаптық құралдарды, есептеу техникасын практикалық пайдалану негізінде эксперимент нәтижелерін қою, жүргізу, өндіреу және ұсыну арқылы зерттеудің практикалық дағыларын алуға бағытталған оқу сабағының түрі;

зертханалық жұмыс – зертханалық сабакта орындалатын оқытылатын курс бойынша нақты оқу тапсырмасы;

оқу зертханасы – белгілі бір тақырып (пән) бойынша жұмыстар жүргізуге арналған аспаптармен, жабдықтармен, техникалық, аспаптық құралдармен, есептеу техникасымен жарактандырылған зертхана.

<p>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ</p>	<p>Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі</p>	<p>ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті</p>
--	---	---

Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;

МИ - ӘН – әдістемелік нұсқаулар;

ТБиОТ- ҚТЖЕҚ – қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;

ДАВ - АМД – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

СМК - СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

ЦМКиА - СМЖАО – Сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактар теориялық ережелерді эксперименттік растауға және оқу және кәсіби практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқу сабактарының негізгі түрлеріне жатады, олар теориялық және кәсіби практикалық дайындықтың маңызды бөлігін құрайды.

4.2 Мақсаттар:

4.2.1 Зертханалық сабактар - білім алушылардың арнағы техникалық құралдарды пайдалану кезінде оқытылатын пәннің мазмұны мен әдіснамасын практикалық меңгеруі.

4.2.2 Практикалық және семинарлық сабактар - студенттердің танымдық қабілеттерін, ойлау дербестігін және шығармашылық белсенділігін дамыту.

4.3 Міндеттер:

4.3.1 Зертханалық сабактар:

- білім алушылардың ғылымның, техниканың және технологияның тиісті саласында эксперимент жүргізу әдістемесін менгеруі;

- зерттелген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық мәселелерді шешу тәжірибесін алу;

- эксперимент жүргізу тәжірибесін алу;

- жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

- жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ресімдеу және ұсыну дағдыларын қалыптастыру;

- алынған нәтижелерді талдау және талқылау, қорытындыларды тұжырымдау.

4.3.2 практикалық және семинарлық сабактар:

- оқу пәнінің білімін бекіту, терендету және кеңейту;

- студенттерге оқу пәнінің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдаудың практикалық тәсілдері мен әдістерін үйрету;

- білім алушылардың нақты практикалық міндеттерді шешуде заманауи теориялық және ғылыми-техникалық әдістері мен құрылғыларды қолдана білуі мен дағдыларын игеруі;

- оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдеби дереккөздерді зерттеу және талдау.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

4.4 Зертханалық сабактар санитариялық-гигиеналық нормаларға және қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау техникасының (ҚТЖЕК) талаптарына жауап беретін қажетті аспаптармен және жабдықтармен, техникалық және аспаптық құралдармен қамтамасыз етілген оқу зертханаларында өткіzlуі тиіс. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуғылым мен техниканың тиісті саласында эксперимент жүргізуудің қазіргі деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

4.5 Практикалық сабактарды өткізу нысандары:

- тақырыптық есептерді шешу;
- жаттығулар, қымылдар жасау;
- іскерлік ойындар өткізу;
- оқытылатын оқу пәндерінің ерекшелігіне байланысты басқа да қызмет түрлері.

4.6 Семинар сабактарын өткізу нысандары:

- оқу пәнінің маңызды тақырыптары бойынша студенттердің хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабак жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты мәселелерін талқылау;
- білім алушылар ұсынған бастамашыл міндеттер мен мәселелерді талқылау;
- оқу пәнінің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдау;
- сындарлы пікірталас;
- семинар – «дөңгелек үстел»;
- семинар – «миға шабуыл»;
- семинар – экскурсия;
- «шағын топтар» әдісі;
- «баспасөз конференциясы» әдісі;
- «бастапқы дереккөздерге түсініктеме беру» әдісі;
- семинар-іскерлік ойын және т. б.

5 Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды өткізуге қойылатын талаптар

5.1 Пән бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізуге мыналар негіз болып табылады:

- ПР V-08-2025 «Мәтіндік оқу құжаттарын және негізгі жазуларды ресімдеуге қойылатын жалпы талаптарға», ПР X-01-2025 «Оқу-әдістемелік кешенді ресімдеу қағидаларына», ПР X-05-2025 «Оқу-әдістемелік әдебиетті ресімдеу қағидаларына» сәйкес орындалған пәннің жұмыс оқу бағдарламасы;
- оқу сабактарының кестесі.

5.2 Пәннің тақырыбы (бөлімі) бойынша зертханалық жұмыстар, әдетте, тиісті дәрістерден озып кетпеуі тиіс.

5.3 Кіріспе (бірінші) сабакта міндетті түрде оқытушы оқу зертханасында болған кезде және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде ҚТЖЕК ережелері

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

бойынша нұсқама жүргізеді. Нұсқаманы өткізу міндетті түрде әрбір зертханада бар ҚТЖЕҚ бойынша журналда тіркеледі.

5.4 Сабақ соңында оқытушы есепті тексеру және/немесе оны қорғау (әңгімелесу) арқылы білім алушының жұмысын бағалайды.

5.5 Зертханалық жұмысты жүргізу мыналарды қамтиды:

- зертханалық жұмыс тақырыбы бойынша білім алушыны аудиториядан тыс даярлау;

- білім алушының зертханалық жұмысқа дайындығын кіріс бақылауы: теориялық материалды, жұмысты жүргізу тәртібін игеру, ТҚЖЕҚ талаптарын, есеп беруге қойылатын талаптарды білу;

- зертханалық жұмысты орындау;

- есепті ресімдеу және оны келесі зертханалық сабақ кезінде немесе оқытушы келіскең сағаттарда қорғау және оны рейтинг балдарында бағалау;

- зертханалық жұмысты орындау нәтижелері бойынша білім алушылардың аралық және қорытынды рейтингтерін қалыптастыру.

5.6 Зертханалық сабактар осы пән бойынша зертханалық жұмыстар цикліне әдістемелік нұсқаулар жиынтығын қамтитын қажетті әдістемелік материалдармен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілуге тиіс.

Әдістемелік материалдар ПР V-08-2025, МИ V-06-2025 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.7 Зертханалық жұмыс туралы есепке қойылатын талаптар:

5.7.1 Есеп білім алушылардың тапсырманы орындағанын куәландыратын құжат болып табылады және мыналарды:

- титул парагын;

- зертханалық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін;

- негізгі бөлім (зерттеу объектісінің сипаттамасы, жұмыс әдістемесі, қондырығының (аспаптың) сипаттамасы және/немесе сыйбалары, тәжірибелердің (өлшемдердің) нәтижелерін, нәтижелерді өңдеуді, қателерді бағалауды және қателер көздерін талдауды, нәтижелерді талқылауды, қорытындылар);

- бақылау сұрақтарына жауаптар, міндеттерді шешуді;

- пайдаланылған дереккөздердің тізімін;

- қосымшаларды (қажет болған жағдайда) қамтуы тіс

5.7.2 Зертханалық жұмыс туралы есеп жұмыс дәптерінде немесе А4 форматындағы парақтарда орындалады. Зертханалық жұмыстар циклінің ерекшеліктеріне қарай есепті әрбір білім алушы жеке немесе 3-4 студенттен тұратын кіші топқа (бригадаға) жалпы есеп жасайды.

5.7.3 Оқытушымен келісім бойынша зертханалық жұмыс туралы есепті электронды түрде ұсынуға рұқсат етіледі. Бұл ретте ұсынылған электрондық нұсқаны құжаттауды оқытушы жүзеге асырады.

5.8 Практикалық және семинарлық сабактар оқу пәнінің жұмыс бағдарламасына сәйкес үйымдастырылады және өткізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

5.9 Практикалық және семинарлық сабактар білім алушылардың академиялық тобының құрамында өткізіледі.

5.10 Практикалық және семинарлық сабактар әдістемелік нұсқаулармен, қажетті оқу және ақпараттық-анықтамалық әдебиеттермен, бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.11 Практикалық және семинар сабактарының қорытындылары модульдік-рейтингтік жүйеге сәйкес топтар журналында білім алушылардың білімін бақылау кестесіне сәйкес тіркелуі тиіс.

6 Практикалық және семинар сабактарын өткізу тәртібі

6.1 Сабактың тақырыбы тұжырымдалады; оның маңыздылығы және басқа оқу пәндерімен және сабактармен байланысы түсіндіріледі.

6.2 Білім алушылардың дайындығы тексеріледі.

6.3 Сабак жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес және тақырыпқа сәйкес өткізіледі.

6.4 Білім алушылардың рейтингін қою арқылы қорытындылар шығарылады.

7 Оқытушының құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

7.1 Оқытушы практикалық және семинарлық сабактардың мазмұнын анықтауға, оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін оларды өткізу әдістері мен құралдарын таңдауға құқылы.

7.2 Оқытушы осы ӘН талаптарына және сабактардың мазмұны мен әдістемесіне қатысты қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес практикалық және семинарлық сабактарды үйымдастыруға және өткізуге жауапты болады.

7.3 Оқытушы жұмыс оқу бағдарламасына (syllabus), күнтізбелік жоспарға сәйкес сабактар өткізуге және оқытушының қажетті құзыреттері мен нәтижелерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

8 Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

8.1 Білім алушы қажетті алдын ала дайындықпен кестеде белгіленген уақытта практикалық немесе семинарлық сабакқа келуге, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға міндетті.

8.2 Білім алушы оқытушымен келісілген консультациялар сағаттарында дәлелді себептермен өткізілмеген практикалық (семинарлық) сабактардың тапсырмаларын орындауға құқылы.

8.3 Білім алушы:

- дәлелсіз себептермен практикалық (семинарлық) сабакты босатқаны;
- практикалық (семинарлық) сабакқа дайындалмағаны;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KeAҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйімдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

- тапсырмаларды уақтылы тапсырмағаны үшін жауап береді.

9 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы ӘН келісу БСӨ-мен, Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен жүзеге асырылады және келісу паралықта (А Қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты енгізу күні құжатты бекіту/келісу күні болып есептеледі. Құжат оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

10 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы ӘН-тың даналарымен қамтамасыз ету сайтта орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

10 Сақтау

Осы ӘН-ты сақтау ПД X-01 сәйкес жүргізіледі.

12 Талдау және өзектендіру

Осы ӘН-ты тексеру, талдау және өзектендіру ПД X-01 сәйкес жүргізіледі.

13 Өзгерістер енгізу

Осы ӘН-қа өзгерістер енгізу ПД X-01 сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күн 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	--

АҚосымшасы (міндетті)

Φ.01-2022

Келісім парағы

<p>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ</p>	<p>Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйімдастыру және жүргізу тәртібі</p>	<p>ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің, 1-беті</p>
--	---	--

Б Қосымшасы (міндетті)

Φ.02-2022

Танысу парагы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KeAK	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарды үйымдастыру және жүргізу тәртібі	ӘН V-09-2025 Нұсқа 01 Күні 2025.01.27 11 беттің 1-беті
---	---	---

Библиография

[1] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

[2] Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бүйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

[3] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚРЗ Заңы.

[4] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бүйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары.

[5] «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KeAK Жарғысы.

[6] «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KeAK ішкі тәртіп Ережелері.